

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 шілдедегі № 22/5-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 шілдедегі № 29/5-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 шілдеде № 4063 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 маусымдағы № 36/2-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 18.06.2019 № 36/2-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Абай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 22 шілдедегі № 22/5-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3455 болып тіркелген, 2014 жылғы 25-31 тамызда "Абай елі" газетінің № 30 санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір реттік әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

1) Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз:
"Алтын алқа" алқасымен, I мен II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен
марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналарға – 10
0 0 0 т ең г е ;

"Күміс алқа" алқасымен марапатталған көп балалы аналарға – 10 000 теңге;
төрт және одан аса бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп
балалы отбасыларға – 10 000 теңге;

2) Ауғанстан аумағынан әскерлерді шығару күні,
интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні – 15 ақпан:
басқа мемлекеттердің аумақтарында ұрыс қимылдарға қатысушыларға – 60
0 0 0 т ең г е ;

Ауғанстанда немесе әскери іс-қимылдар жүргізілген басқа мемлекеттерде
қызмет атқару кезінде жаралану, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан
мүгедек болып қаза тапқан (хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің
жанұяларына – 60 000 теңге;

3) Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу
күні – 26 с ә у і р :

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық
немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен
авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен
жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға – 25 000 теңге;

4) Жеңіс күні – 9 мамыр:
Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына – 160 000 теңге;
Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери
қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен
наградталғандарға – 10 000 теңге;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
теңестірілген адамдарға – 24 000 теңге."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Белібаев

Абай аудандық

мәслихатының хатшысы

Т. Аманғазы